

Мал дәрігерлігі жөніндегі нормативтік құқықтық және басқа актілерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 қазандағы N 1205 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.28. N 407 қаулысымен.

"Мал дәрігерлігі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25 шілдедегі N 2377 қаулысын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мал дәрігерлігі жөніндегі мынадай нормативтік құқықтық және басқа актілер :

Қазақстан Республикасы мемлекеттік мал дәрігерлік қызметі органдарының жүйесі туралы (1 - қосымша) ;

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау туралы Ереже (3 - қосымша) ;

Шеттен әкелінетін және шетке шығарылатын малдарды, мал өнімдері мен шикізаттарын мемлекеттік шекара арқылы өткізген кезде Мал дәрігерлік-санитарлық қадағалауды жүзеге асыру тәртібі туралы Ереже (4-қосымша) ;

Мемлекеттік мал дәрігерлік қызмет органдары сақтандыру және күресу шараларын мемлекеттік бюджет қаражаттары есебінен жүзеге асыратын жұқпалы індеттер тізбесі (5-қосымша) ;

Малдарды жатсындыруға және мал өнімдерін қолданудан алып тастауға жол берілетін аурулар тізбесі (6-қосымша) ;

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 3 және 8-абзацтарының күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.12.18. N 1787 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал дәрігерлік комитетіне, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне, Экономика министрлігіне және Әділет министрлігіне малдарды жатсындыру, олардың өнімдері мен шикізаттарын қолданудан алып тастау және аса қауіпті жұқпалы паразитарлық аурулар кезінде олардың құнын өтеу тәртібін әзірлеу;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал дәрігерлік комитеті мен Қаржы министрлігіне айып төлету туралы ережені, сондай-ақ оны Қазақ ССР-ның әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексіне сәйкес мал дәрігерлігі заңдарын бұзуға қарсы қолдану ережесін әзірлеу;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал дәрігерлік комитетіне аумақтық мал дәрігерлік қызметтер туралы ережені белгіленген тәртіп бойынша әзірлеп, бекіту тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 2 қазандағы

№ 1205 қаулысына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы мемлекеттік мал дәрігерлік қызметі органдарының жүйесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25-шілдедегі "Мал дәрігерлігі туралы" Заң күші бар № 2377 Жарлығының 7-бабына сәйкес мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметі жүйесіне мыналар кіреді:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал дәрігерлік комитеті - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 сәуірдегі № 472 қаулысына сәйкес құрылған мал дәрігерлігін басқарудың республикалық органы;

Мемлекеттік шекарадағы және көліктегі мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау басқармасы;

Республикалық, облыстық және аудандық мал дәрігерлік зертханалар;

Мал ауруларымен күресетін республикалық экспедиция;

Малдардың аса қауіпті жұқпалы аурулары жөніндегі Талдықорған аймақтық мал дәрігерлік зертхана;

Облыстық, қалалық, аудандық мал дәрігерлік қызметтер;

Облыстық, қалалық және аудандық мал дәрігерлік емдеу мекемелері.

2. Мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметінің негізгі міндеттері мыналар:

жануарларды жұқпалы және жұқпалы емес аурулардан қорғау;

халықты жануарлар мен адамдарға ортақ аурулардан қорғау;

мал өнімдері мен шикізаттарының сапасына мал дәрігерлік-санитарлық бақылауды қамтамасыз ету;

республика аумағын басқа мемлекеттерден мал аурулары енуінен қорғау;

мал дәрігерлігінде пайдаланылатын диагностикалық, емдік және профилактикалық құралдар сапасына бақылау жасау;

мал ауруларымен күресу құралдарын және әдістерін әзірлеу, оларды

пайдалану, мал өнімдері мен шикізатының санитарлық сапасын қамтамасыз ету, айналадағы ортаның мал дәрігерлік-санитарлық тұрғыда ластануына жол бермеу.

3. Мемлекеттік мал дәрігерлік қызмет органдары Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген құқықтарды п а й д а л а н а д ы .

4. Қазақстан Республикасы мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметінің органдары өз қызметінде Конституцияны, Қазақстан Республикасы Президентінің "Мал дәрігерлігі туралы" Заң күші бар Жарлығын, Президенттің басқа да жарлықтары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрықтарын және Мал дәрігерлігі комитетінің нормативтік актілерін басшылыққа алады.

5. Мемлекеттік мал дәрігерлік қызмет органдары жүйесінің мекемелері мен ұйымдарын қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
1 9 9 6 ж ы л ғ ы 2 қ а з а н д а ғ ы
N 1 2 0 5 қ а у л ы с ы н а
2-қосымша

ЕСКЕРТУ. 2-қосымшаның күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.12.18. N 1787 қаулысымен .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
1 9 9 6 ж ы л ғ ы 2 қ а з а н д а ғ ы
N 1 2 0 5 қ а у л ы с ы н а
3-қосымша

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау туралы ЕРЕЖЕ

1. Мемлекеттік мал дәрігерлік қызметтің басқару органдары мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау органдары болып табылады, олар: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал дәрігерлік комитеті (бұдан әрі - Мал дәрігерлік комитет), Шекарадағы және көліктегі мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау бас басқармасы, Мал дәрігерлік комитетінің құрамына енетін облыстық аумақтық мал дәрігерлік қызметтер, мал дәрігерлік учаскелер және басқа мемлекеттік мал дәрігерлік органдар.

2. Қазақстан Республикасында мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалауды мына лауазымды адамдар: Ауыл шаруашылығы министрлігі мал дәрігерлік комитетінің төрағасы - Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік мал дәрігерлік инспекторы және оның орынбасарлары; Шекарадағы және көліктегі мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау бас басқармасының бастығы - сонымен қатар Шекарадағы және көліктегі мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау жөніндегі Мал дәрігерлік комитеті төрағасының орынбасары, әрі Шекарадағы және көліктегі Бас мемлекеттік мал дәрігерлік инспектор және оның орынбасарлары - Шекарадағы және көліктегі Бас мемлекеттік мал дәрігерлік инспектордың орынбасарлары болып табылады; облыстардың бас мемлекеттік мал дәрігерлік инспекторлары және олардың орынбасарлары, қалалар мен аудандардың Бас мемлекеттік мал дәрігерлік инспекторлары және олардың орынбасарлары, Мал дәрігерлік комитеті басқармалары мен бөлімдерінің бастықтары, бас және жетекші мамандары, облыстық аумақтық мал дәрігерлік қызметтердің бөлім бастықтары бас және жетекші мал дәрігерлері, қалалық және аудандық мемлекеттік мал дәрігерлік қызметтердің басшылары, мемлекеттік шекара мен көліктегі мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау бөлімшелерінің, мал дәрігерлік учаскелердің мал дәрігерлері жүзеге асырушылар болып табылады.

3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік мал дәрігерлік қызметінің лауазымды адамдары қызмет көрсетілетін аумақ шегінде:

министрліктер, ұйымдар, меншіктің барлық нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілер, заңды ұйымдар мен жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасы Президентінің "Мал дәрігерлігі туралы" Заң күші бар Жарлығын, Президенттің басқа да жарлықтары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрінің мал дәрігерлігі мәселелері жөніндегі бұйрықтарын және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Мал дәрігерлік комитетінің нормативтік актілерін орындауына;

індетке қарсы (адамдар мен жануарларға ортақ аурулардың алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қоса алғанда), жануарлардың жұқпалы, паразиттік және жұқпалы емес жаппай ауруларының алдын алу және оларды жою, сондай-ақ республика аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың аса жұқпалы ауруларын әкелуден қорғау жөніндегі шаралар жоспарларының орындауына;

ведомстволық және жеке кәсіпкерлік мал дәрігерлік қызмет пен мал дәрігерлігі мамандарының жұмыстарына;

ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының, басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілердің, ет-сүт ұқсату кәсіпорындарының, ет тоңазыту комбинаттарының, мал өнімдері мен шикізаттарын дайындайтын, ұқсататын, сақтайтын және

өткізетін кәсіпорындардың, базарлардың, жәрмеңкелер мен басқа да тағамдық өнімдерді сататын сауда орындарының мал дәрігерлік-санитарлық жағдайына;

мал шаруашылығы және мал дәрігерлік объектілерін, мал сою, мал өнімдері мен шикізаттарын ұқсату және сақтау кәсіпорындарын жобалау, салу, қайта жаңарту және пайдалану кезінде белгіленген зоогигиеналық нормалар мен мал дәрігерлік-санитарлық талаптардың сақтауына;

малдарды, олардың өнімдері мен шикізаттарын тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдарының мал дәрігерлік-санитарлық өңдеуден өткізілуін;

малдарды, олардың өнімдері мен шикізаттарының ішкі ауысулары, оларды өткіні асырып әкету, шеттен әкелу және шетке шығару кезінде мал дәрігерлік талаптардың сақталуына;

биологиялық және басқа да мал дәрігерлік препараттарды шығару кезінде өндіріс технологиясы мен белгіленген мал дәрігерлік талаптардың сақталуына;

малдардың жұқпалы ауруларының қоздырғыштарын, вакцина штаммдары мен құрамында тірі микроорганизмдері бар диагностикумдарды Қазақстан Республикасына шеттен алып келу және оларды шетке шығару тәртібіне;

ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында микроорганизмдер штаммдарын және олардың гендік қасиеті өзгерген түрлерін сатып алу, сақтау және пайдалану тәртібіне;

өндірістің мал дәрігерлік-санитарлық тұрғыдан аттестациялануына, мал шаруашылығы өнімдерінің, жемшөптің және қосымша азықтардың сапасына;

мал шаруашылығында, мал дәрігерлігінде биологиялық және басқа мал дәрігерлік препараттарды қолдануға, жемшөпті пайдалануға (құрамында уландыратын және басқа зиянды заттары бар азықты малға бергізбеу мақсатында) мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалауды жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасында Мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалауды жүзеге асырушы лауазымды адамдар;

қызмет куәлігін көрсету арқылы мал дәрігерлік қадағалау объектілеріне кедергісіз кіруге және байқаған кемшіліктерді жою жөнінде орындалуы міндетті нұсқаулар беруге;

лауазымды адамдар мен азаматтардан індеттік жағдайы анықтауға қажетті мәліметтер мен құжаттарды талап етуге;

министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, өзге де орталық атқарушы органдарға, ұйымдар мен азаматтарға мал дәрігерлік-санитарлық және індетке қарсы шаралар өткізу туралы орындалуы міндетті нұсқаулар беруге;

министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге және басқа орталық атқарушы органдар мен меншіктің барлық түріндегі ұйымдарға (қажет болған жағдайда мемлекеттік санитарлық қадағалау органдарымен бірлесе отырып) қолданылып

жүрген зоогигиеналық, мал дәрігерлік-санитарлық, санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге негізделген мал шаруашылығы объектілерін, малдар мен құстарды соятын, мал өнімдері мен шикізаттарын ұқсататын және сақтайтын кәсіпорындарды, қайта өңдейтін зауыттарды, құрама жем зауыттарын, балық өсіру шаруашылықтарын, малдарды қолдан ұрықтандыру стансаларын және басқа мал шаруашылығы объектілерін жоспарлау және оларды салу жобалары бойынша, сондай-ақ осы объектілердегі сарқынды суларды залалсыздандыратын ғимараттардың жобалары бойынша орындалуы міндетті қорытындылар беруге;

аталған құрылыстардың барлық түрлеріне жер учаскелерін бөлінгенде жануарларға арналған су дуалдарына орын таңдау, ет комбинаттарын, мал өнімдері мен шикізаттарын ұқсататын және сақтайтын басқа да кәсіпорындарды сумен қамтамасыз ету жобалары бойынша қорытындылар беруге;

пайдалануға берілетін мал шаруашылығы объектілерінің, мал өнімдері мен шикізаттарын ұқсататын, сақтайтын кәсіпорындардың қолданылып жүрген зоогигиеналық нормаларға және мал дәрігерлік-санитарлық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындылар беруге;

барлық ұйымдарға, шаруашылық жүргізуші субъектілерге, азаматтарға Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбедегі аса қауіпті карантиндік жұқпалы аурулармен ауырған жағдайларда жануарларды жатсындыру, сою, кәдеге жарату немесе жойып жіберу, сондай-ақ ауруына байланысты пайдалануға жарамсыз деп танылған мал өнімдері мен шикізаттарын қолданудан алып тастау, ұқсату немесе басқаша пайдалану туралы орындалуы міндетті н ұ с қ а у л а р беруге;

жұқпалы аурулардың таралып кетуін болдырмау мақсатында ұйымдарға, меншіктің барлық нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілер мен азаматтарға малдарды, мал өнімдері мен шикізаттарын әкелуге және қолданылып жүрген заңдарда көзделген жағдайларда тыйым салуға;

анықталған кемшіліктерді жойғанға дейін жануарлар денсаулығына немесе өнімдер сапасына зиянды әсер ету қаупіне жол бермеу мақсатында малдарды, мал еттерін, басқа да мал өнімдері мен шикізаттарын, қоспа жемшөптерді көліктердің барлық түрлерімен тасымалдауға тыйым салуға;

қажетті мал дәрігерлік-санитарлық және індетке қарсы шаралар өткізілгенге дейін мал шаруашылығы объектілерін, мал өнімдері мен шикізаттарын ұқсататын және сақтайтын кәсіпорындарды малдардың жұқпалы ауруларға байланысты ауыр халдері анықталса немесе аталған объектілердің мал дәрігерлік-санитарлық жағдайы қанағаттанғысыз деп белгіленсе, онда оларды п а й д а л а н у ғ а т ы й ы м с а л у ғ а ;

зоогигиеналық нормалар мен мал дәрігерлік-санитарлық ережелер бұзылған жағдайда, анықталған кемшіліктер жойылғанға дейін, өндірістік үйлер мен

ғимараттар құрылысын және олардың қайта жаңартылуын тоқтатуға, жаңадан тұрғызылған, қалпына келтірілген және қайта жаңартылған мал шаруашылығы объектілерінің, мал өнімдері мен шикізаттарын ұқсататын және сақтайтын мекемелердің пайдаланылуын тоқтатуға, бұл жөнінде осы объектілерді жүргізетін министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың басшыларына, сондай-ақ осы объектілер құрылысын және олардың қайта жаңартылуын қаржыландыратын банкілерге хабарлауға құқықты.

5. Мемлекеттік шекарада және көлікте мал дәрігерлік қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметінің лауазымды адамы қызметтік міндетін орындау барысында пішімді киім киіп жүреді, оның құнының жартысын өздері төлейді. Пішімді киім киіп жүру туралы ережені Ауыл шаруашылығы министрі бекітеді.

6. Мемлекеттік мал дәрігерлік қызмет лауазымды адамдарының міндеттерін орындауға қандай да болмасын кедергі келтіру, сондай-ақ олардың ісіне араласу заңға сәйкес қудаланады.

7. Лауазымды адамдар мен азаматтар Қазақстан Республикасы Президентінің "Мал дәрігерлігі туралы" Заң күші бар Жарлығының 29-бабында белгіленген мал дәрігерлік-санитарлық ережелерді бұзғаны үшін жауапқа тартылады.

Мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметінің мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалауды жүзеге асырушы лауазымды адамдары, лауазымды адамдар мен азаматтарға арналған мал дәрігерлігі ережелерін бұзған жағдайда оларға Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақ ССР-ның әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі кодексіне өзгертулер енгізу туралы" 1995 жылғы 4 қыркүйектегі N 2450 Заң күші бар Жарлығында белгіленген мөлшерлерде айыппұл салынады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
1 9 9 6 ж ы л ғ ы 2 қ а з а н д а ғ ы
N 1 2 0 5 қ а у л ы с ы н а
4-қосымша

**Шеттен әкелінетін және шетке шығарылатын малдарды, мал өнімдері мен шикізаттарын мемлекеттік шекара арқылы өткізген кезде мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалауды жүзеге асыру тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау мен республика аумағын

басқа мемлекеттерден жануарлардың аса қауіпті жұқпалы және паразитарлық ауруларын әкелуден қорғау жұмыстарын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал дәрігерлік комитеті (бұдан әрі - Мал дәрігерлік комитет), Шекарадағы және көліктегі мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау мемлекеттік басқармасы және олардың темір жол стансаларындағы, әуежайлардағы, автомобиль жолдары мен пошта үйлеріндегі аумақтық қызметтері жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік шекарадағы және көліктегі мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалауға көліктің кез-келген түрімен тасылатын жөнелтулердің түрлерін, қол жүгін қоса алғанда:

жануарлар - үй жануарлары, жабайы жануарлар, зоопарк, цирк, зертхана жануарлары, үй құстарының, декоративтік және жабайы құстардың барлық түрлері, теңіз аңдары, кроликтер, аралар, балықтар және басқа гидробионттар, ұрықтандырылған уылдырық және клетка (зигота) шаяндар, жібек көбелектері және олардың пілделері, қолда ұсталған аңдар, сондай-ақ жердегі және қос мекенді организмдер түрлері;

өнімдер - ет және ет өнімдері (үй, жабайы және теңіз жануарларының) және олардың жартылай өңделген өнімдері, оның ішінде жануарлардың бас-сирақ, өкпе-бауырлары, ет концентраттары, шұжықтар, ет, балық консервілері, сүт, құрғақ сүт, балық және балық өнімдері, жұмыртқа және жұмыртқадан жасалған өнімдер, меланж, бал және ара шаруашылығы өнімдері, құстар мен жабайы құстар ұшалары (тушки);

шикізаттар - жануарлардың барлық түрлерінің терілері (үй, жабайы және теңіз жануарларының) және олардың жартылай өңделген өнімдері, аң терілері, жуылған және жуылмаған жүндер, жүн қыл-қыбырлары, мамықтар, қауырсындар, эндокриндік және шек шикізаттары, қан, сүйек, мүйіздер мен тұяқтар, жалдар, құйрықтар, шошқа қылдары, сондай-ақ басқа да жануар тектестер шикізаттары;

азықтар - ет, сүйек, ет-сүйек және балық ұны, шөп ұны, балықтарға арналған құрғақ құрама жемдер мен тірі азықтар, өсімдіктен алынған азықтар, жемдік астық, бидай, жүгері, бұршақ, құрама азықтар, жем қоспалары және қосымша жемдер, кебектер, шроттар, күнжара, азықтық тамыржемістер, пішен, пішендеме және жануарларға арналған басқа да азықтар, мақта және мақта өндірісінің қалдықтары, бор, известь, ұны, азықтық тұз, бақалшақтар (жануарлар мен құстарды азықтандыруға пайдаланылатын);

мал дәрігерлік препараттар - микробтық және вирустық дақылдар, саңырауқұлақтар, биологиялық және мал дәрігерлік препараттар және медикаменттер, жануар тектестерді коллекциялау заттары, аңшылық олжалар, сондай-ақ жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын таратушылар бола алатын басқа да заттар мен материалдар;

жануарлар ұрықтары мен эмбриондары жатады.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.07.09. N 651 қаулысымен .

3. Мемлекеттік шекарадағы және көліктегі мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау :

тексерілетін жүктердің барлық түрлерін мемлекетаралық тасымалдау кезінде мал дәрігерлігі ережелерінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады; мүдделі республикалық органдармен бірлесе отырып тексерілетін жүктерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерін белгілейді және оларда мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалауды ұйымдастырады.

4. Мал дәрігерлік комитеті республика аумағын мал ауруларының қауіпті жұқпалы және паразитарлық қоздырғыштарын әкелуден қорғау жөнінде мемлекеттік бағдарлама әзірлеп, оны бекіту үшін Үкіметке ұсынады.

5. Мемлекеттік шекарадағы және көліктегі мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалауға :

басқа мемлекеттерден түскен бақылаудағы жүктерді қарап, тексеруге және кейінгі тасымалдаудың мүмкіндіктері мен шарттары туралы шешімдер қабылдауға ;

теңіз және өзен порттарына (кемежайларға), әуежайларға, темір жол стансаларына, пошта үйлеріне, карантин базаларына, тиеу-түсіру алаңдарына, меншіктің барлық түріндегі басқа да мекемелерге, сондай-ақ дайындау, сақтау және ұқсату жұмыстарымен, бақылаудағы жүктерді экспорттық-импорттық тасымалдаумен айналысатын мекемелер аумағына кедергісіз кіріп-шығуға, тазартылған аймаққа кіру қажет болған жағдайда шақыру арқылы жүзеге асырылады ;

кеден, теңіз және өзен порттары (кемежайлар), әуежайлар, темір жол стансалары басқа да мекемелер әкімшіліктерінен әкелінетін, сақталатын және жіберілетін бақылаудағы жүктер туралы барлық қажетті мәліметтер мен тиісті құжаттарды алуға ;

Мал дәрігерлік комитетінің рұқсатынсыз, тиісті мал дәрігерлігі сертификатынсыз Қазақстан Республикасы аумағына әкелінетін және шетке шығарылатын бақылаудағы жүктерді кідіртуге, өнім беру жөніндегі мал дәрігерлік шарттар бұзылған жағдайда бұл жүктерді тиеу, түсіру және өткіні асырап әкетуді тоқтатуға немесе тыйым салуға;

бақылаудағы жүктерді тасымалдау кезінде анықталған мал дәрігерлік ереже бұзушылықтарды жою туралы орындалуы міндетті бұйрықтар беруге, белгіленген тәртіп бойынша бақылаудағы конфискеленген жүктерді өткізу немесе жойып жіберу туралы шешімдер қабылдауға;

тексеруге және кейінгі зертханалық зерттеулерге арналған мал шаруашылығы

өнімдері мен шикізаттарының сынамалық үлгілерін іріктеуге құқық беріледі.

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.27. N 1132 қаулысымен .

6. Шекараның мал дәрігерлік бақылау пункттері шетке шығарылатын бақылаудағы жүктерге мал дәрігерлік сертификаттар береді, ал республикаға шеттен әкелінетін бақылаудағы жүктерге мал дәрігерлік куәліктер береді, аумақ арқылы бақылаудағы жүктерді шеттен әкелу және өткін асырып әкету кезінде басқа құжаттарды ресімдейді.

7. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі Мал дәрігерлік комитетінің, сондай-ақ шекарадағы мал дәрігерлік бақылау пункттерінің республика аумағын басқа мемлекеттерден малдардың жұқпалы және паразитарлық ауруларын әкелуден қорғау мәселелері жөніндегі ережелері, қағидалары және басқа нормативтік актілері барлық меншік нысанындағы ұйымдардың, Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтардың және азаматтығы жоқ тұлғалардың, республикаға әкелінген жүктер мен көлік иелерінің орындауы үшін міндетті болып табылады.

7-1. Малдәрігерлік қадағалау қызметінің заңды және жеке тұлғаларға қызмет көрсеткені үшін түсетін қаражаттар республикалық бюджеттің кірісіне есептеледі деп белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.06.07. N 708 қаулысымен .

8. Шекарадағы және көліктегі мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау өз міндеттерін Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетпен, Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Кеден комитетімен, Сыртқы істер министрлігімен, Ішкі істер министрлігімен, Денсаулық сақтау министрлігімен, Көлік және коммуникациялар министрлігімен, Қаржы министрлігімен және Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен бірлесе отырып жүзеге асырады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 6 ж ы л ғ ы 2 қ а з а н д а ғ ы

N 1 2 0 5 қ а у л ы с ы н а

5-қосымша

Мемлекеттік мал дәрігерлік қызмет органдары сақтандыру және күресу шараларын мемлекеттік бюджет қаражаттары есебінен жүзеге асыратын жұқпалы індеттер

ТІЗБЕСІ

Жануарлардың бірнеше түрлеріне ортақ індеттер - құтыру, бруцеллез, Ауески ауруы, кампилобактериоз, ақ қан кеселі, лептоспироз, листериоз, пастереллез, сальмонеллез, сібір язвасы (тері шикізатын асколизациялаудан басқа), трихинеллез, туберкулез, аусыл (сарып) эхинококкоз, Ку қыздырмасы, т о к с а п л а з м о з .

Мүйізді ірі қара мал аурулары - вирусты диарея, жұқпалы ринотрахеит, псороптоз, парагрипп, оба, көршиқан (эмкар), солма.

Мүйізді ұсақ мал аурулары - анаэробты энтеротоксемия, төлдердің анаэробты қантышқағы, ұлтабар құрты, браздот, қойлардың жұқпалы эпидидимиті, жұғымтал эктима (қой мен ешкінің қара сүйелі), мониезиоз (таспақұрт ауруы), жұмыртқұрт ауруы, шешек, жай өрбитін жұқпалы аурулар (скрепи, маэдивисна), псороптоз, хламидиоз, айналма.

Жылқы аурулары - африка обасы, жұқпалы қан аздық, энцефаломиелит, маңқа (сары қолқа), сақау, сальмонеллезді іш тастау, қарақаптал, індетті лимфангоит (бластомикоз), тымау, ринопневмония.

Түйе аурулары - бұзауатаз, су-ауру, індетті лимфангоит, оба, паратуберкулез, к о н т а г и о з д ы э к т и м а .

Шошқа аурулары - африка обасы, классикалық оба, Тешен ауруы, тілме, қ а н т ы ш қ а қ , т р и х и н е л л е з .

Құс аурулары - жұқпалы ларинготрахеит (ЖЛТ), кокцидиоз, Ньюкасл ауруы, Гамборо ауруы, Марек ауруы, шешек.

Мамық жүнді аңдар мен қояндар аурулары - қара күзендердің алеут ауруы, қояндардың вирусты геморрагиялық аурулары, қара күзендердің жұқпалы э н ц е ф а л о п а т и я с ы .

Ит пен мысық аурулары - етқоректілер обасы, құтыру.

Балық аурулары - тұқы балықтардың гемморрагиялық септицемиясы, д и ф и л л о б о т р и о з , о п и с т о р х о з .

Ара-аурулары - варроатаз, аскоферез.

Ескерту: Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінде мемлекеттік мал дәрігерлігі желісінің мекемелері өткізетін малдардың жұқпалы ауруларының алдын алу, олардың таралып кетуін болдырмау және оларды жою жөніндегі шаралар мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 6 ж ы л ғ ы 2 қ а з а н д а ғ ы

№ 1 2 0 5 қ а у л ы с ы н а

б-қосымша

Малдарды жатсындыруға және мал өнімдерін қолданудан алып тастауға жол берілетін аурулар ТІЗБЕСІ

1. Малдар аса қауіпті жұқпалы және паразитарлық ауруларға шалдыққан кезде оларды жатсындыруға жол беріледі:

жатсындырылған ауру малдарды қан шығармай өлтіру тәсілімен және олардың өлімтігінің терісін сыпырмай, бөлшектемей өртеу арқылы жойып жіберетін жануарлар аурулары: маңқа, (сары қолқа), мелиоидоз, түйелер обасы, мүйізді ірі қара малдар обасы, құтыру, шошқалардың африка обасы, туляремия, індетті лимфангиот, қояндар миксоматозы, қарақаптал (киеңкі), біртұяқтылардың африкалық обасы, иттер мен мысықтардың токсаплазмозы, мысықтар бұзаутазы, құстар обасы және псевдообасы, құстар орнитозы;

ауру малдар міндетті түрде союға жатқызылатын аурулар: туберкулез, бруцеллез, ақ қан кеселі, қойлардың жұқпалы катарлық қыздырмасы (тілі көгеру), мүйізді ірі қараның қара өкпе кеселі, шошқалар обасы, құстар пастереллезі, құтырған жануарлар тістеген жануарлар (тез арада өлтіріледі), мүйізді ірі қараның алаөкпе ауруы, жылқылардың жұқпалы қан аздық ауруы, құстардың күл-шешек аурулары, құстардың жұқпалы кеңірдек кеселі, сонымен қатар жиынтық мал дәрігерлік-санитарлық бағалау бойынша олардың ұшасы мен ішкі органдары мал дәрігерлік-санитарлық сараптама ережелеріне сәйкес консервілерді, шұжық өнімдерінің пісірілген сорттарын, ет-сүйек ұндарын, т.б. жасауға пайдаланылуы мүмкін.

2. Төмендегідей мал дәрігерлік көрсеткіштер бойынша мал өнімдерін қолданудан алып тастауға жол беріледі:

ұшалары мен барлық сою өнімдері өртеу арқылы жойылатын жануарлар аурулары - маңқа, мелиоидоз, індетті лимфангоит, мүйізді ірі қара обасы, құтыру, шошқалардың африка обасы, туляремия, топалаң, қарасан, қатерлі ісік, қозылардың анаэробтық қантышқағы, қойлар браздоты, қойлар энтеротоксемиясы, ботулизм;

ұшалары пайдаға асырылатын жануарлар аурулары: цистицеркоз (финноз), трихинеллез, безноитиоз (үдемелі инвазиялар кезінде), Ньюкасл ауруы, құстар стрептококкозы, қояндар миксоматозы, қояндардың стрептококк септицемиясы, қояндар стафилококкозы, спирохетоз;

ұшалары залалсыздандырылатын жануарлар аурулары: цистицеркоз (40 шаршы см бұлшық ет аумағын кескенде 3-тен артық таспақұрт зақымдамаған ұшалар), токсаплазмоз (ішкі органдары қайта ұқсатылып, кәдеге жаратылады), бруцеллез, туберкулез, Ауески ауруы, шошқалар тымауы, шошқалар обасы, Ку

кыздырмасы, лейкоз, лептоспироз, листериоз, хламидиоз, аусыл, пастереллез; зақымданған органдары алынып тасталатын және қайта ұқсатылып, пайдаға асырылатын, ал ұшалары шектеусіз босатылатын аурулар: эхинококкоз, ценуроз, альвеококкоз, дикроцелиоз, фасциолез, тағы басқа барлық инвазиялық кеселдер;

улы химикаттармен улану. Егер ұшасы мен ішкі органдары бар болса, олар жойып жіберіледі: цианидтер, сары фосфор, пропазин, гептахлор, дихлоральмочевина, полихлорпинен, полихлоркамфен, альдрин, ГМТД, ДЛВФ, цинеб, дикрезил, поликарбацин, байгон, севин, ялан, бентиокарб, динитроортокрезол, нитрофен, метафос, тиофос, карбофос, құрамында сынап пен мышьяк бар препараттар, 2,4-Д тобының гербицидтері, ақ триходесма;

улы химикаттармен және улы заттармен улану. Егер еті бар болса, көп қайнатқаннан кейін тамаққа пайдаланылады: фтор препараттары, цинк тұздары, мыстар, хлорлы натрий және калий, қышқылдар мен сілтілер, аммиак, күкіртқышқыл ангидрид, көмірқышқыл газ, хлор, несеп нәрі, алкалоидтар мен глюкозидтер, құрамында сапониндер, эфир майлары, қарайлар мен фотодинамикалық әсері бар заттар (қарақұмық, беде) улы саңырауқұлақтар мен зендер, улы өсімдіктер қарамықша, сүттіген, у сарғалдақ, у тамыр, сасық қурай, жоңғар уқорғасыны. 1 кг етке ең аз рұқсат етілетін деңгейдегі заттармен: атрозин - 0,02 мг, гексахлорциклогексан гамма - изомер - 0,1 мг, хлорпирифос - 0,1 мг, байтеск - 0,2 мг, корал - 0,2 мг, амидофос - 0,3 мг, дибром - 0,3 мг, трихлорметафос - 3-0,3 мг, кремнийлі-фторлы натрий - 0,4 мг, базудин - 0,7 мг, абат (дифос) - 1 мг, бордосс сұйықтығы (күкіртқышқыл мыс) - 2 мг, метоксихлор -

7 м г ;

ұшасының еті пайдаға асырылатын жануарлардың жұқпайтын аурулары: сары ауру, дегенеративтік өзгерістер, ісіну, ісік процестері, көп жері өліеттенген ісік, пигменттену, көтерем болу, жанталасу жағдайында өлген, жай түсіп өлген, электр тогы соғып өлтірген, үсіп өлген, өрт кезінде өлген, суға кетіп өлген, фенолдан немесе дәрі иісінен өлген.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 6 ж ы л ғ ы 2 қ а з а н д а ғ ы

№ 1 2 0 5 қ а у л ы с ы н а

7-қосымша

ЕСКЕРТУ. 7-қосымшаның күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.12.18. N 1787 қаулысымен .